



## ЖАҒАЖАЙДАҒЫ ЕСКІ-ҚҰСҚЫНЫҢ КӨЗІН ЖОЯТЫН КЕЗ КЕЛДІ – АСХАТ БЕРДІХАНОВ



**ҚОНАЕВТАҒЫ 6,7-ШІ ЖАҒАЖАЙЛАРДЫ ЖАҒАРТЫП, ЖАҒҒЫРТАТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСКЕН ҚАЛА ӘКІМІ АСХАТ БЕРДІХАНОВ АЙТТЫ.**

Баршаға мәлім, 2024 жылы №5 жағажай қолданысқа берілді. Қазір «Фридом финанс» компаниясы 1 шақырым жағажайды абаттандырып жатыр. Құрылысы жақын арада аяқталады деп жоспарланған. Сондай-ақ құрылыс жұмыстары №8 жағажайда да жүріп жатыр. Алдағы уақытта 5 шақырымнан астам жағажайды абаттандыру, Солтүстік жағажайларды да кезең-кезеңімен дамыту көзделуде.

Енді жуық арада 6,7-ші жағажайды абаттандырып, қолданысқа беру қа-

жеттілігі туындап отыр. Себебі, шомылу маусымында осы қалалық жағажайға келіп, демалатын адамдардың саны басқа орындармен салыстырғанда айтарлықтай көп. Туризмді дамыту, демалушыларға қолайлы орта құру, қызмет көрсету сапасын жоғарылату – әкімдіктің басты міндеттерінің бірі. Жағажайды абаттандыру – инвестициялық тартымдылықты арттыру, облыс орталығының сәулеттік келбетін жақсарту үшін де таптырмас мүмкіндік.

Мұндағы бизнес орындарының қазіргі жағдайы көңіл көншітпейді: қираған темір жабдықтар, қоқыс толған аумақтар, тапшандар.

Бұған дейін бірнеше жыл қатарынан мұнда 42 кәсіпкер қызмет еткен. Олар коммуналдық мемлекеттік мекемемен келісімшартқа отырып, арзан бағада бизнес орындарын жалға алып әрі ағымдағы жөндеу ғана жасап отырған. Енді ол заман келмесе кетті – дейді әкім.

Мәселені түбегейлі шешу үшін әкімдіктің дөңгелек үстелінде «Қонаев әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның өкілдері, бөлім басшылары, кәсіпкерлер жиналды.

«Жыл басында аумағы 7,5706 гектар жағажай «Қонаев әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ға 10 жылға уақытша пайдалануға берілді. Енді корпорация жағажайды жаңғыртуға белсене кіріспек ниетте», – деді Асхат Бердіханов.

Ал корпорация мамандары кәсіпкерлерге керемет мүмкіндіктер ұсынды:

Егер құрылыс корпорация қаржысына

ғана жүргізілсе, абаттандыру толық аяқталған соң, сенімгерлік басқарушы компания бизнес орындарын жалға алуға конкурс өткізеді. Оған кез келген кәсіпкер қатысуына болады;

Егер құрылысқа кәсіпкерлер өздері қаржы құйса, нысанды бірден бірнеше жыл жалға алуға мүмкіндік қарастырылады.

Кәсіпкерлер әлі де бұл мәселені талқылау қажеттілігін жеткізді. Олар құрылыстың қымбатқа соғатынын алға тартты.

«Жағажайды жөндеуге инвестор тартсақ, жаңа жұмыс орындары құрылғанымен, басқа кәсіпкерлердің жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан шағын және орта бизнес өкілдерін қолдау мақсатында «Қонаев ӘКК» АҚ-мен серіктес болуға шешім қабылдадық», – деді әкім.

Сонымен қатар ол былтыр шомылу маусымында қалаға 1,5 млн демалушы келгенін айтты.

«Биыл көрсеткішті жоғарылату қажет. Ол үшін жағалауларды заманауи әрі көрікті етсек артық болмайды», – деді Асхат Бердіханов сөзін қорытындылап.

Аталған мәселеге байланысты қосымша ақпараттар алдағы уақытта жарияланатын болады.

**Қонаев қаласы әкімінің баспасөз қызметі**



## В КОНАЕВЕ УСПЕШНО ПРОВЕЛИ ЛАПАРОСКОПИЧЕСКУЮ ХОЛЕЦИСТЭКТОМИЮ 73-ЛЕТНЕЙ ПАЦИЕНТКЕ

Лапароскопическая холецистэктомия – это оперативное вмешательство, при котором удаляют желчный пузырь с помощью специального оборудования под контролем лапароскопа. Основное отличие от классической операции – в малой травматичности. Именно такую операцию врачи-хирурги городской многопрофильной больницы города Конаев Ажибиев Ринат Токбазарович и Сакенов Абылай Алтайевич, в рамках ОСМС, провели 73-летней жительнице областного центра Алматинской области Сауле А., которая обратилась в приемный покой медицинского учреждения с периодической болью в правом подреберье с иррадиацией в правую лопатку. У пациентки также выявили хроническую железодефицитную анемию.



Сегодня она чувствует себя прекрасно и благодарит врачей, а также средний и младший медицинский персонал больницы, за профессионализм, искреннюю заботу и человечность. По ее словам все пять дней, что она находилась в хирургическом отделении, она чувствовала себя как дома. Милосердие и желание помочь ощущала с первого дня пребывания в больнице, начиная с приемного покоя, где ей была оказана максимально квалифицированная первичная медицинская помощь, со всеми необходимыми лабораторными и инструментальными исследованиями. Сама операция длилась около часа. В итоге желчный пузырь с 10 камнями бабушке был удален.

«До поступления в больницу чувствовала сильные боли и думала о самом страшном.

Факт того, что меня будут оперировать, тоже не радовал, но я и предположить не могла, что меня не будут резать, а сделают всего несколько проколов и за считанное время окажут хирургическую помощь. Мне провели МРТ, ФГДС, ЭКГ, УЗИ. Как же радуется, что в больнице есть всё необходимое оборудование, собственная лаборатория. Это очень удобно. Знаю со слов жителей города, какую огромную работу в этом направлении проводит директор больницы Ракишева Айман Галимжановна. Она, для нас, для пожилого поколения жителей города Конаев, как родная дочь. Такой замечательный человек, который заботится о жителях города Конаев. Собственными глазами увидела, как больница преобразилась, сколько молодых специалистов прибыло, это ведь замечательно, я очень довольна. Врачи молодцы. Спасибо замечательным специалистам Ринату Токбазаровичу,

**Айна АСКАРҚЫЗЫ**



# ГИМНАЗИЯ ОҚУШЫСЫ АТАНДЫ

Әр адамның өмірінде қимастықпен еске алатын қызық та қымбат күндері болатыны белгілі. Жуырда Қонаев қалалық Шоқан Уәлиханов атындағы №2 гимназиясына жаңа оқу жылында 1-сыныпқа қабылданған балалардың сондай толқынысқа толы сәтті бастан өткергенінің куәсі болдық. Аталған балалар гимназия оқушысы мәртебесіне ие болды.

Салтанатты шарада сөз алған мектеп директоры Айгүл Нұрмағамбетова кішкентай оқушылардың үлкен де тату гимназия отбасына аттаған қадамына құтты болсын айтты. Гимназия оқушысы мәртебесіне ие болу зор мақтаныш екенін және осы атқа лайық болу бүгінгі күнге дейін олардың әрқайсысы бар ынтасымен оқып, мектеп өмірімен танысқанын атап өтті.



Гимназия оқушысы мәртебесін иеленген 1 «А» және 1 «Ә», 1 «Б» сынып оқушылары ортаға шақырылып, салтанатты түрде ант қабылдады. Содан кейін биыл мектеп бітіретін 11 сынып оқушылары гимназия қатарын толықтырған ізбасарларына «гимназия төсбелгісін» тақты.

Салтанатты рәсімде метептің өнерпаз шәкірттері ән-жырдан шашу шашып, сахналық қойылымдар қойып, жиналған қауымының ыстық ықыласын ие болды.

Қаншама атақты, беделді, дарынды адамдар білім алған бұл гимназияға жаңадан қабылданған өрендер де мектептің шараларына белсене қатысып, қызығушылықпен оқып, ұстаздарға құрметпен қарап болашақта Қазақстанның бетке ұстар азаматы боларына сенімдіміз. Қадамдары құтты болсын!

**Гүлжайна АЙМАГАМБЕТОВА,  
Ш. Уәлиханов атындағы  
№2 гимназиясы 1 «Ә»  
сыныбының ата-анасы**

## СИҚЫРЛЫ ПІШІНДЕР

Шеңгелді ауылындағы «Ақбота» балабақшасында «Сиқырлы пішіндер» атты тақырыптық оқу іс-әрекеті болды. Мақсаты – Балаларды пішіндермен таныстыру, пішіндерді ажыратып айтуға, түр-түсін анықтай білуге дағдыландыру. Балаларды шапшаң ойлауға, ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, құрастыру туралы білімдерін кеңейту. Ой-өрісін, логикалық ойлау қабілеттерін, саусақ, қол моторикасын, зейіндерін, белсенділіктерін арттыру. Түсіндіру, көрсету, үйрету, сұрақ-жауап, ойын түрінде өткен оқу қызметінде балалар тапсырмалар орындап, топтасып жұмыс істеп, жұмбақ шешіп, арасында сергіп алды. Слайд арқылы таяқшалар, геометриялық және үлестірмелі пішіндермен танысты. Балалар жылулық шеңберін қимылмен оындап, қазір жылдың қай мезгілі екенін, оның неше айдан тұратынын айтып әрбір айды атап берді.

Келесі кезекте олар сандықтағы пішіндерді таңдау арқылы топтасып, жерде пішіндерден жасалған кілемшеден таңдаған пішіні арқылы өтіп, орныдарына отырды. Одан кейін

«Сиқырлы пішіндермен» танысты. Сиқырлы пішіндерге жататын төртбұрыш, үшбұрыш, сопақ, дөңгелектің таныстырылымы жасалды. Әрбір пішіннің неге олай аталғаны жайлы мағлұматтарға қаныққан балалар пішіндерге қатысты жұмбақтар шешті.

Балалар алдарындағы берілген пішіндерді мақталы таяқша арқылы көрсетіп, түстеріне байланысты, мақталы таяқшаларды орналастырғанда әр түрлі пішіндер шықты. Олар шыққан пішіндерді атап берді.

Әрі қарай тәрбиеленушілер ермексаздың және таяқшалардың көмегімен пішіндерді құрастырып беру тапсырмасын белсенді түрде орындап шықты. Арасында бой сергітіп алуды да қаперден шығармады. Сондай-ақ үстел үстіне жиналып отырып, пішіндерді баудың көмегімен айналдыра өрнектеп, ұзын таяқшаға моншақтарды, сандарға сәйкес орналастырып шықты. Мақталы таяқшаның көмегімен пішіндерді пеноплекс тақтайшасына түстеріне сәйкес орналастырды.

Оқу қызметінде өткен пішіндерімізді пайдаланып, одан «Менің отбасым»



тақырыбында барлығы бірігіп, плакатқа отбасы мүшелерін бейнелеп көрсетті.

Оқу іс-әрекеті барысында барлығы бірдей белсенді болғандықтан олар

«Көңілді жұлдыздармен» марапатталды.

**Балнұр Жуаспаева,  
«Ақбота» бөбекжай-  
балабақшасының тәрбиешісі**



Құт қонған, қасиетті Қонаев өңірінде қаламы ұшқыр жергілікті қаламгерлеріміз жетерлік. Қонаев қаласының кітапханасында ақын-жазушыларымызбен, өңірге белгілі еңбек ардагерлерімен, аймақтың құрметті азаматтарымен кездесу кештері өтіп, мерейтойлар аталып өтіледі. Сондай мерейтой иелерінің бірі – Еңбек және мемлекеттік қызмет ардагері, Қонаев (бұрынғы Қапшағай) қаласының құрметті азаматы, тіл жанашыры – Әкіш Тоқтар Әкішұлы ақпан айының бірінші жұлдызында 80 жасқа аяқ басып отыр. Әкіш атамыз 1945 жылы 1 ақпанда Алматы облысы Балқаш ауданы Қарой ауылында туған. Өзінің туған кезеңін ерекше бір сезіммен еске ала отырып, Тоқтар Әкішұлы «Туған-туыстар менің есімімді «Соғыс тоқтар ма екен?» деген үмітпен «Тоқтар» деп қойған екен. Шүкір, Алла, ел тілегі қабыл болды ма, үш айдан кейін 1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыс біздің жеңісімізбен аяқталып, шын мәнінде мен «Ақжолтай» атанып, Жеңіс туын желбіретіп жеткен жанмын» деп езу тартады. Соғыстан кейін, ел еңсесін көтеріп, бойын тіктей қоймаған жылдары, яғни 1952 жылы Тоқтар Әкішұлы

сол туған ауылындағы «Аралқұм» бастауыш мектебінің табалдырығын аттайды. Отбасылық ауыр материалдық жағдайларға байланысты 1959 жылы «Үлгілі» орта мектебінің 7 сыныбын бітіргеннен кейін, мектеп қабырғасымен қоштасып, 14 жасында еңбек жолын бастауға мәжбүр болады. Үш жылдан кейін өзінің сыныптастары мақтанышпен Алматыға барып оқуға түсеміз деп жар сала бастаған уақытта, Тоқтар Әкішұлы да үш жыл бұрын тамамдаған 7 сыныптық білім деңгейінде оқуға түсуге талаптанып, 1962 жылы Алматы облысының Талғар қаласындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумына оқуға түседі. 1965 жылы Отан қорғау алдындағы борышын өтеуге аттанады. 3 жылдан кейін оқуын әрі қарай жалғастырмақшы болғанымен, денсаулығына байланысты тағы бір жылға академиялық демалыс алуға мәжбүр болады. Сол кездегі заңдылықтар талабына орай оқу стажы үш жылға дейін ғана сақталатын болған, сондықтан да техникум басшылығы ол кісіге қайтадан бірінші курстан бастап оқуды ұсынады. Оған, әрине, Тоқтар Әкішұлы келіспейді, сөйтіп, сол жердегі облыстық сырттан



оқыту орта мектебіне құжаттарын өткізіп, бір жылдан кейін орта білім туралы аттестат алады. 1969 жылы бұрынғы Іледе, кейіннен 1970 жылдың мамыр айынан бастап Қапшағай қаласына көшірілген Іле балық зауытында еңбек ете бастады.

Білімді еңбекпен ұштастыры жүріп, 1973 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына сырттай оқуға түсіп, оны 1978 жылы тарих пәнінің мұғалімі

мамандығы бойынша бітіріп шығады. Осы кезден бастап әртүрлі партия, совет органдарында әр деңгейдегі қызметтер атқарады.

Тіл жанашыры 1989 жылы 20 қыркүйекте «Тіл туралы» заң шыққан күнен бастап тіл мәселесіне қатысты қызметте болған.

Атап айтқанда: Қонаев қаласының Қазақ тілі қоғамының мүшесінде қызмет атқарған; алғашқы кезең – Тіл мәдениеті бастығы, тіл басқармасының бастығы, ал олар қысқарғанан кейінгі, яғни 1992 жылдан бастап 2010 жылы құрметті демалысқа шыққанға дейін Қонаев қаласының әкімшілік аппаратында Бас маман-аудармашы қызметін атқарған. Тіл мәселесіне қатысты қызмет атқарған кезінде, яғни ширек ғасырдан астам уақыт ішінде Мемлекеттік тілді іс-қағаздарына енгізу жолында 30 шақты шәкірттер тәрбиеледі.

Тоқтар Әкішұлының өз бастауымен 1995 жылы қаланың 25 жылдығына орай екі тілде «Қанат жайған Қапшағай – Қапшағай день за днем» деректер жинағы мен «Қапшағайлық ақындар – Поэты Капшагая» жыр топтамасы шықты. Осы талпынысты әрі қарай жалғастырып, Қапшағайдың 30 жылдығына орай «Қапшағай – үшінші мыңжылдық ғасыр жолында – Қапшағай на пороге третьеге тысячелетия» деген шағын кітабы және Қапшағай қаласының 40 жылдығына арналған «Қапшағай теңіз жағасындағы қала» атты кітабының шығуына зор үлес қосқан азаматтардың бірі.

Тоқтар Әкішұлының көп жылдық еңбек өтілі жоғары бағаланып, әр деңгейдегі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, 1990 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталып, 2000 жылы «Қапшағай қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл» медалімен марапатталды. 2005 жылы облыстық «Үздік аудармашылар» сайысында Бас жүлдені жеңіп алып, сол жылы Республикалық «Үздік тіл қызметкерлері» фестивалінде жүлделі 3 орын иеленіп, Республикалық, облыстық және Қонаев қаласы әкімдерінің көптеген Дипломдарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Тоқтар ақсақалды өмірден тоқығаны мол, кең ойлайтын, қазақ тілінің жанашыр азаматы ретінде жақсы білеміз. Өмір жолы өнегеге толы, озық ойлы, кемел қабілетті, еңбекқорлығымен көпшілікті тәнті етпей қоймайды, жастарға ұлағатты ұстаз.

**НҰРПЕЙІС Толғанай Нұрлыханқызы, Қонаев қаласының кітапханасының кітапханашысы**

## ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР



## ПРОБЛЕМА ВЫПЛАТЫ АЛИМЕНТОВ

**ПРОБЛЕМА ВЫПЛАТ АЛИМЕНТОВ СУЩЕСТВУЕТ ВО МНОГИХ СТРАНАХ МИРА, В ТОМ ЧИСЛЕ В ЕВРОПЕ И США. В ОТДЕЛЬНЫХ СЛУЧАЯХ ПРЕДУСМАТРИВАЕТСЯ УГОЛОВНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В ОТНОШЕНИИ НЕПЛАТЕЛЬЩИКОВ. В СРЕДНЕМ, ПО МИРУ ТАКАЯ САНКЦИЯ ПРЕДУСМАТРИВАЕТ ДО ТРЕХ ЛЕТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ, В КАЗАХСТАНЕ МАКСИМАЛЬНЫЙ СРОК НАКАЗАНИЯ – ДО ДВУХ ЛЕТ.**

Основными проблемами, препятствующими взысканию алиментов, является – низкий социальный уровень жизни должников, отсутствие постоянного дохода, имущества на которые возможно обратиться взыскание. Во многих случаях между сторонами, то есть бывшими супругами, неприязненные, враждебные отношения, должники принципиально не хотят платить и при отсутствии постоянной работы и имущества заставить его платить сложно.

Размер задолженности по алиментам определяется судебным исполнителем по месту исполнения решения исходя из

фактической заработной платы (дохода), получаемой должником за время, в течение которого взыскание не производилось. В случае, если должник в этот период не работал или не представлены документы, подтверждающие его заработную плату и иной доход, ежемесячные выплаты и (или) задолженность по алиментам определяются исходя из размера средней месячной заработной платы в Республике Казахстан на момент взыскания задолженности.

В рамках исполнительного производства о взыскании алиментов расчет задолженности производится не реже од-

ного раза в квартал, о чем выносятся соответствующее постановление с направлением сторонам производства. При отсутствии у должника заработка и иных видов доходов, неуплаты им алиментных платежей более 3-х месяцев, судебный исполнитель выносит постановление об определении задолженности и принимает обеспечительные меры, в том числе и помогает ему с трудоустройством посредством разных ярмарок вакансий.

**Мерит Мамедова, частный судебный исполнитель Алматинской области.**





## ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА БАЛЫҚШЫЛАР ӨЗАРА МЫҚТЫНЫ АНЫҚТАДЫ

Алматы облыстық балық аулау федерациясы Қонаев қаласы әкімдігімен бірлесіп, Қапшағай су қоймасында балық аулаудан ашық біріншілік ұйымдастырды.

Жарысқа Алматы облысының бірнеше өңірінен, сондай-ақ Алматы және Қонаев қалаларынан балықшылар қатысты. Барлығы 15 команда (әрқайсысы 3 адамнан) жеке және командалық есеп бойынша өзара сынға түсті. Біріншілік 5 сағатқа созылды.

Нәтижесінде ең үлкен балықты аулап, «Big Fish» арнайы жүлдесін Е. Кембаев жеңіп алды. Жеке есепте 1-орынды К. Курбанов, 2-орынды Д. Канавалов, 3-орынды Н. Шуляков иеленді. Ал командалық есепте «Қонаев-3» командасы 3-орынды, «Наутилус» командасы 2-орынды, ал «Feeder.kz» командасы 1-орынды қанжығасына байлады.

«Біздің федерация құрылғанына 1 жылдан енді асты. Осы уақыт ішінде мүшелік ететін адамдар саны айтарлықтай артты. Біз жылына 6-7 рет балық аулау жарысын ұйымдастырып отырамыз. Бұл жолы бізге қолдау көрсеткен Қонаев қаласы әкімдігіне алғыс білдіреміз», – деді федерация басшысының орынбасары Дамир Сергибаев.

Жарыс барысында барлық қауіпсіздік талаптары сақталды. Бұл күні мұздың қалыңдығы 70 см болды.

Айта кетейік, балықшылар демалыстан кейін су қоймасының үстіндегі қоқыстарды жинап кетуге міндетті. Табиғатқа жанашырлық – әр демалушының жауапкершілігінен басталады. Қоршаған ортаны ластағаны үшін әкімшілік жаза қарастырылғанын еске саламыз.



## БОЛЬШАЯ РЫБАЛКА НА КАПШАГАЕ: КТО СТАЛ ЛУЧШИМ?

В Конаеве состоялся открытый чемпионат по спортивной рыбалке. Турнир, организованный Алматинской областной федерацией рыболовного спорта совместно с акимом города Конаев, собрал лучших рыбаков региона.

В соревновании приняли участие рыбаки из разных уголков Алматинской области, а также из Алматы и Конаева. Всего в чемпионате выступили 15 команд по 3 человека в каждой. Участники соревновались в личном и командном зачете, стараясь показать лучший результат в течение 5 часов.

По итогам турнира обладателем специального приза «Big Fish» за самый крупный улов стал Е. Кембаев.

☑ Личный зачёт:

- 1-е место – К. Курбанов
- 2-е место – Д. Канавалов
- 3-е место – Н. Шуляков

☑ Командный зачёт:

- 1-е место – «Feeder.kz»
- 2-е место – «Наутилус»
- 3-е место – «Қонаев-3»

«Нашей федерации чуть больше года, но за это время количество участников заметно увеличилось. Мы регулярно проводим 6-7 соревнований в год. Выражаем благодарность акимату Конаева за поддержку этого турнира», – отметил заместитель руководителя федерации Дамир Сергибаев.

Во время соревнования соблюдались все меры безопасности, а толщина льда в этот день составляла 70 см. Организаторы напомнили, что после отдыха рыбаки должны убирать мусор. Бережное отношение к природе – это ответственность каждого, а за загрязнение окружающей среды предусмотрена административная ответственность.



## АУҒАНСТАННАН КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА 36 ЖЫЛ: АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА АРДАГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ

2025 жылдың 15 ақпанында Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің Ауғанстаннан шығарылғанына 36 жыл толады. Бұл тарихи күн Кеңес Одағы кезеңінде Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер мен олардың ерліктерін еске алу үшін маңызды оқиғалардың бірі болып саналады. Осы атаулы күн қарсаңында Алматы облысында мемлекеттік-құқықтық дайындық жүйесінде 65476 әскери бөлімінің жеке құрамы Ауғанстандағы соғыс ардагерлерімен кездесті.

Кездесу барысында жауынгер-интернационалистер жас сарбаздарға соғыс жылдарындағы қиындықтарды, олардың жауынгерлік жолдарын, әскери қызметтің маңыздылығын және бейбітшілікті сақтау үшін ерлік пен батылдықтың қандай орын алатынын баяндады. Іс-шараның басты мақсаты – жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру, оларды отансүйгіштікке, батылдыққа және жауапкершілікке баулу.

Бұл шараға Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлері ұйымының төрағасы, Қонаев қаласының «Құрметті азаматы» Қанат Молдабергенов, сондай-ақ Ауған соғысының ардагерлері Виктор Рошин мен Берік Даркембаев арнайы шақырылды.

**Ауған соғысының маңызы және ардагерлердің естеліктері**

Қанат Молдабергенов өз сөзінде 1979-1989 жылдар аралығында Кеңес әскері қатысқан Ауғанстандағы соғыстың күрделі кезең болғанын, сол уақыттағы сарбаздардың үлкен сынақтардан өткенін атап өтті. Ол жауынгерлердің әскери борышын адал атқарғанын және көптеген сарбаздардың туған жеріне оралмай, ерлікпен қаза тапқанын ерекше атап өтті.

Біз әрдайым Ауған соғысында қаза тапқандарды ұмытпаймыз. Олардың ерліктері біз үшін мәңгілік естелік. Бұл соғыс – тарихымыздың бір бөлігі, және біз оны бүгінгі ұрпаққа жеткізуіміз қажет, – деді Қанат Молдабергенов.

Өз кезегінде Виктор Рошин мен Берік Даркембаев жас сарбаздарға өздерінің Ауғанстандағы әскери өмірлері туралы айтып берді. Олар соғыс жағдайында әскери борышты өтеудің ауырталығы мен жауапкершілігін сезінудің қаншалықты маңызды екенін түсіндірді.

Соғыс – бұл тек қарулы қақтығыс емес, ол өмір мен өлімнің арасында тұрған сәттер. Біз әрдайым бір-бірімізге арқа сүйедік, бірліктің маңызын терең түсіндік. Бүгінгі жастарға айтарым, Отан қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы, – деді Берік Даркембаев.



Кездесу барысында сарбаздар ардагерлерге сұрақтар қойып, соғыс жағдайында жауынгерлердің қандай қиындықтарды бастан кешкені туралы білді. Сондай-ақ, әскери бөлімнің басшылығы ардагерлерге құрмет көрсетіп, олардың ерліктері ешқашан ұмытылмайтынын жеткізді.

Шара аясында ардагерлердің құрметіне арнайы бейнефильм көрсетіліп, Ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді еске алу үшін бір минут үнсіздік жарияланды.

Бұл кездесу тек әскери бөлім сарбаздары үшін ғана емес, жалпы жас буын үшін ерекше маңызға ие болды. Ардагерлердің әңгімелері қазіргі жауынгерлерге патриоттық рух беріп, олардың әскери борышқа деген көзқарасын одан әрі нығайтты.

Осы секілді шаралар жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Ал ардагерлердің ерлігі – бүгінгі және келер ұрпаққа үлгі болып қала бермек.



**АВТОМОБИЛЬ АЛҒАШҚЫ РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫ ЖҮРГІЗУГЕ, ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ, СОНДАЙ-АҚ НАУҚАСТАРДЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ ЖАЙЛЫ ТАСЫМАЛДАУҒА ҚАЖЕТТІ БАРЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТЫЛҒАН.**

# ЖАҢА «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ» «МАРЕВЕННЕН»



Сыйлықты табыстау рәсімі Ынтымак ауылдық дәрігерлік амбулаториясының аумағында өтті. Іс-шараға «Маревен Фуд Тянь-Шань» зауытының директоры Сырым Құрманов, қалалық әкімдік өкілдері және медицина қызметкерлері қатысты.

Белгілі болғандай, өткен жылдан бері «Маревен Фуд Тянь-Шань» компаниясы ресми түрде Алатау қаласына тиесілі болып табылады. Сондықтан да дәл осы қалаға қайырымдылық көмек көрсету шешімі қабылданды.

Қазақстандағы жылдам дайындалатын кеспе өндірісінің көшбасшысы – «Маревен Фуд Тянь-Шань» сауда-өндірістік компаниясы өңірдегі ірі кәсіпорындардың бірі саналады. Бүгінде ол сапалы өнім өндірумен қатар, жұмыс орындарын қамтамасыз етіп, әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын да ұстанып келеді.

Іс-шара барысында Сырым Құрманов: «Біздің компанияда 660-тан астам қызметкер жұмыс істейді, олардың 95%-ы Арна, Заречный, Жетіген және басқа да жақын маңдағы елді мекендердің тұрғындары. Біз бұл көмектің қалаға пайдасы тиетініне сенімдіміз. Егер жедел медициналық көмек кем дегенде бір адамның өмірін құтқаруға себеп болса – онда біздің атқарған жұмысымыз дұрыс болды деген сөз», – деп атап өтті.

Компания тек жедел жәрдем көлігін сыйға тартумен шектелмей, қала тұрғындарына, балалар мен зейнеткерлерге әлеуметтік қолдау көрсетуді жалғастырады. Қазіргі таңда «Маревен» Алатау қаласында спорт алаңын салу мүмкіндігін қарастырып жатыр.

**Жібек ЖЕКЕМБЕК,**  
Алатау қаласы

## «ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТЕР МАРАФОНЫ» ЖОБАСЫ

Қадырғали Жалайыр атындағы №6 орта мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымымен бірге «Қайырымдылық іс» акциясын бастап кетті. Белсенді оқушылар бірігіп Шеңгелді ауылындағы қария қарттарға көмек қолын созды. Олар қолдарына күрек алып, қариялардың аулаларының қарын күреп, үйлерінің айналасын мұнтаздай етіп тазалап берді. Өз кезегінде қариялар да еңбекқор мектеп оқушыларына баталарын беріп, алғыстарын жаудырды.

– Мен осы акцияға қатысқаным өте қуаныштымын. Жасы үлкен ата-әжелерімізге қолдау көрсету – біздің парызымыз. Оларға біз көмектеспесек, кім көмектеседі? Әрбір адам осылай ойлауға тиіс. Үлкен кісіге қар күреу, дүкенге бару деген секілді жұмыстардың өзі өте қиын, – дейді акцияға қатысушы белсенді 9 сынып оқушысы Жұмаш Бекжан.

**Педагог-ұйымдастырушы:**  
**Г.Ж. Етекбаева**



## УВАЖАЕМЫЙ ЕРЖАН АБИЛКАСИМОВИЧ!

Выражаю Вам искреннюю благодарность за регулярную поддержку наших специалистов! Благодаря Вам, у молодых врачей, появилась возможность обучаться за границей!

Огромное спасибо Вам за Вашу заботу и мудрость!

Деятельность нашей больницы прозрачна, с вами, председателем Наблюдательного совета, мы делимся своей работой и дальнейшими планами развития медицинского учреждения во всех областях, обсуждаем с Вами идеи, в том числе о профессиональном росте молодых специалистов, которые чувствуют Вашу поддержку на всех этапах своей врачебной деятельности.

Решение отправить на обучение в другую страну молодого специалиста может стать для него судьбоносным. Это огромный опыт, благодаря которому врач имеет возможность развиваться и расти. Это мы видим в наших специалистах, среди которых есть и врачи лучевой диагностики/радиологи Абибуллаева Казына Орынбасаровна и Мырзалин Кайрат Ерболатович, которые с 20 по 24 января 2025 года прошли обучение в Medical Park Florya Hospital в Республике Турция. Приобретенные профессиональные знания и навыки врачи активно развивают и используют в своей повседневной работе.

Ваша поддержка для нас бесценна!

Ержан Абилкасимович! Вы пример для подражания, а ваша мудрость является для нас связующей нитью для достижения намеченных целей, для блага здоровья граждан. Желая Вам крепкого здоровья и благополучия!

**С уважением, директор городской многопрофильной больницы города**  
**Конаев Ракишева Айман Галимжановна 7 ч.**



## ЦСКА СПОРТ РОТАСЫНЫҢ САРБАЗЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНДА «АЛТЫН» ЖЕҢІП АЛДЫ

Харбинде өтіп жатқан ІХ қысқы Азия ойындарында ерлер арасындағы 10 шақырымдық спринттік жарыс (екі атыс шебімен) аяқталды.

Бұл сайыста үздік нәтиже көрсеткен армия биатлоншысы Владислав Киреев жеңімпаз атанып, алтын медаль иеленді. Осы жарыста күміс жүлде қазақстандық Вадим Куралеске бұйырды, ал үшінші орынды қытайлық Цан Гу еншіледі.

Пьедесталға көтерілген спортшылардың командаластары, Қарулы Күштер қатарында қызмет ететін Асет Дюсенов пен Александр Мухин да үздік нәтиже көрсетіп, тиісінше алтыншы және жетінші орындарға тұрақтады.

Еске сала кетсек, бұған дейін 10 шақырымдық еркін стильдегі шаңғы жарысында армия спортшысы Олжас Климин қола жүлдегер атанған болатын.



# МЕДИЦИНАЛЬНЫЕ ТЕКСТУРЫ: НЕ НИ БІЛУ КЕРЕК?

**МЕДИЦИНАЛЬНЫЕ ТЕКСТУРЫ НЕЛІКТЕН ЖҮРГІЗІЛЕДІ: АДАМ АҒЗАСЫНДА БӘРІ ЖАҚСЫ МА, ЖОҚ ПА, СОНЫ БІЛУ – НЕ НИ ДҰРЫС ЕМЕС ЕКЕНІН ТАБУ ЖӘНЕ АНЫҚТАУ ҮШІН. СОНДЫҚТАН МЕДИЦИНАЛЬНЫЕ ТЕКСТУРЫ ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ МЕЗГІЛДІ ЖҮРГІЗУ МАҒЫЗДЫ – БҰЛ ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ. БАСҚАША АЙТҚАНДА – АДАМДАРҒА АУРУДЫ НЕМЕСЕ ПАТОЛОГИЯНЫ ЕРТЕ САТЫСЫНДА «ҰСТАУ» ЖӘНЕ ОНЫ ЕМДЕУ ҮШІН УАҚТЫЛЫ ТЕКСТУРЫ ҚАЖЕТ.**

Медициналық тексеріс – бұл аурулардың, соның ішінде кәсіби аурулардың таралуын, улануларды, келеңсіз жағдайларды анықтауға және ескертуге, сондай-ақ қандай да бір шаруашылық және (немесе) бағытталған уақтылы медициналық қарау.

Бірақ медициналық тексерулердің өзіндік жіктелуі бар: олар алдын – ала, мерзімді, ауысым алдындағы немесе рейс алдындағы, ауысымнан кейінгі немесе рейстен кейінгі болады.

Адам жұмысқа немесе оқуға түскен кезде алдын – ала медициналық тексеруден өту керек-оның міндеттерді орындауға жарамдылығын анықтау және жалпы немесе кәсіптік аурулардың алдын алу үшін өтеді.

Денсаулықты бақылауды қамтамасыз ету үшін мерзімді міндетті медициналық тексерулер қажет. Бұл әсіресе жұмыс істейтін халық үшін өте маңызды – мұндай тексерулер ауруды немесе оның белгілерін уақытында анықтауға және емдеуді уақытында тағайындауға көмектеседі. Тексерулер әсіресе жұмыс орнында шаң мен газдың пайда болуы (өндірістік факторлар) болған кезде, шу шығаратын және діріл тудыратын жабдықтардың жұмысында және жоғары ылғалдылық жағдайында жұмыс істеу керек болған кезде қажет және маңызды. ауа температурасы немесе керісінше, жұмыс орындарындағы төмен температурада



(физикалық факторлар), шу шығаратын және діріл тудыратын жабдықтар жұмыс істеген кезде еңбек ауыр және ауыр еңбек процесінің факторларында қажет. Мерзімді тексерулер әр 6 және 12 ай сайын жүргізіледі – уақыт кезеңі мақсатты топтарға байланысты.

Әрине, медициналық тексерулерді ересектерге амбулаториялық-емханалық көмек көрсетуге лицензиясы болуы керек медициналық ұйымдар жүргізеді. Олар зерттеу үшін білікті кадрлар мен ресурстарға ие болуы керек.

Медициналық тексерудің нәтижелерін алғаннан кейін жұмыс беруші тексеруден өтпегендерді немесе денсаулығына байланысты жұмыс істеуге жарамсыз немесе жұмысқа медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарды жұмысқа жібермеуі мүмкін. Егер қызметкерде кәсіптік ауруға күдік анықталса, жұмыс берушіге бағыныштыға еңбек жағдайлары бар ауруды анықтау үшін қажетті сараптама жүргізетін медициналық ұйымға уақтылы жолдама беру маңызды. Сонымен қатар, жұмыс беруші қызметкерлерді медици-

